

Тәжірибе өту барысында аталған технология бойынша сабақ жүргізуді басты мақсатқа алып, 6 және 7,8 сыныптар арасында қолдандық. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының біршама түрлерін қолдануға тырыстық. Олар, жоғарда тоқталып кеткендердің барлығы. Соның ішінде, 6 сыныптарға Венн диаграммасы және миға шабуыл тәсілдері тиімді және қызықты өтті деп ойлаймыз. Олай дейтініміз, оқушылардың 98 %-ы белсенділік танытты, ал бес минуттық эссе яғни, 7 сынып оқушылары өздері білетін таныс лексиканы пайдаланып берілген тақырыпта эссе жазуға қызығушылық танытты. 8 сынып оқушылары тыңдап тусіну және түсінгендері бойынша ой қосып, талдау жасауда 90 %-ы бірлесіп әрекет етті. Тәжірибе соңында біз сабақтарда сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану сабақты қызықты өткізуге және оқушылар белсенділігін арттыруда тиімді құралы деп айта аламыз.

Қорытындылай келе, қазіргі заман талабына сай оқытушы, нұсқаушы, яғни дирижер, өз сабағының майталманы, ал оқушылар нұсқаушының айтқанын бұлжытпай орындап отыруы қажет. Тек сонда ғана бірқалыпты, ырғақты әуен шығары сөзсіз. Оқытушы тек өз шеберлігінің, біліктілігінің арқасында мақсатына жетеді деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жақсыбаева Б.С.Сабақта сын тұрғысынан ойлау әдістерін тиімді пайдалану. Талдықорған, 2014.
2. Масутова Д. Ойын әдістемесі - ағылшын тілінің бастапқы деңгейін оқыту құралы. - // Ұлағат. 2016. №2 - 16 б.
3. Бастауыш мектеп / №8, 2004ж, №12, 2001 ж. №7, 2006ж. №9, 2003 ж.
4. Масутова Д. Ойын әдістемесі - ағылшын тілінің бастапқы деңгейін оқыту құралы. - // Ұлағат. 2016. №2 - 31 б.
5. Мухамадиева М.Н. , Чинибаева Э.Г. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын қолдану жолдары. Алматы, 2017.

Темирова Г.К., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогика факультеті, МДФ -51 тобы, магистрант.

(Ғылыми жетекші - м.ғ.д., доцент Рахметова А.М.)

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДИСГРАФИЯСЫН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ КОМПОНЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ ЖЕҢУ

Қазіргі уақытта арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы мамандардың алдында тұрған маңызды мәселе қосымша білім беру ұйымдарында оқитын бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілі бұзылысын жеңудің дәстүрлі емес тәсілдерін әзірлеу болып табылады. Бұл бұзылыстар кең таралған сипатқа ие болғандықтан, дисграфиясы бар оқушылардың бұзылған функцияларын қалыпқа келтіруге бағытталған және педагогтарға түзету-білім беру қызметінің нәтижелілігін анықтауға мүмкіндік беретін тиімді логопедиялық технологияларды анықтаудың өзектілігін негіздейді. Бастауыш сынып оқушыларында дисграфияны алдын алуға және жеңуге көптеген жағдайлар жасалғанмен, бейнелеу іс-әрекетін қолдану үлгілері жеткілікті әзірленбеген. Авторлармен бейнелеу қызметі дисграфияның алдын алудың және жеңудің тиімді құралы болып табылатынын дәлелдейтін нәтижелер алынды. Мақалада дисграфияның алдын алуға және жеңуге бағытталған бастауыш сынып оқушыларының бейнелеу қызметін оқытуға арналған магистрлік ғылыми зерттеудің нәтижелері берілген.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында қалыптасқан және іске асырылып жатқан бірінші кезектегі міндеттер кешені мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедек балалардың білім алуын дамыту мен жаңғыртумен тығыз байланысты. Мүгедектердің құқықтары туралы заңнамасында олардың жақсы өмір сүруін қамтамасыз ету, қоғамдағы денсаулық пен жағдайды қалпына келтіру, сапалы білім беру, кәсіптік даярлау және еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіру, көмек көрсету, консультациялар, жұмысқа орналастыру жөніндегі қызметтер және оларға өздерінің мүмкіндіктерін, қабілеттерін барынша іске асыруға мүмкіндік беретін және олардың әлеуметтік бейімделу процесін жеделдететін басқа да қызмет көрсету түрлері қажеттілігі көрсетіледі [1, 15].

Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың және мүгедек балалардың білім алуын дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтары Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" заңның ережелерімен айқындалды.

Әлемдегі қазіргі жағдай экологиялық және экономикалық тұрақсыздықпен сипатталады, бұл арнайы білім беру қажеттілігі бар және білім алу қажеттіліктері ерекше балалар санының ұлғаюына әсер етеді.

Білім беру жүйесін реформалау әр түрлі үлгідегі және деңгейдегі білім беру ұйымдарында: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының арнайы және инклюзивті топтарында, жалпы білім беру ұйымдарының жалпы және арнайы сыныптарында, білім беру қызметін жүзеге асыратын арнайы ұйымдарда дамуында және әлеуметтік-мәдени оңалтуда орын алған кемшіліктерді еңсеруде барынша тиімді сабақ және сабақтан тыс қызмет түрлерінің болуын көздейді [2, 45 б].

Әлеуметтік-мәдени оңалту деп мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедек балалардың жоғалтқан әлеуметтік байланыстарын көркем және шығармашылық белсенділік түрлерін, әртүрлі өнер туындыларын пайдалану, креативті әлеуетті (бейнелеу, қызмет, театрландырылған қызмет, музыкалық қызмет, би қызметі және т.б.) дамыту арқылы қалпына келтіру процесі мен нәтижесін түсінуге болады. Отандық арнайы білім беру мазмұнын жетілдіру қажеттілігі шығармашылық қызметтің оңалту қасиеттеріне жеткіліксіз назар аударумен байланысты.

Ғылыми зерттеулерге сәйкес, логопедиялық жұмыстың тиімділігін арттыруға айтарлықтай әсер бейнелеу қызметінің қол жетімді тәсілдері мен әдістерінің көмегімен көрсетілуі мүмкін. Оның нәтижелілігі білім алушылардың зияткерлік ерекшеліктерін, сөйлеудің қалыптасу деңгейін, психикалық процестерді қалыптастырудың жас ерекшеліктерін есепке алған жағдайда, кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық тәсілді іске асыру кезінде жоғары болады.

Дисграфия (лат. "dys" – бұзу; "grapho" – жазу) «жазудағы тіл мүкістігі» дегенді еске түсіретін жазудың бұзылуы. Логопедияның негізін қалаушылардың бірі Р. Е Левинаның жұмыстарында ерекше қателіктер деп әріптерді жіберу, сөздерді бөлек жазу, сондай-ақ сөздерді ауыстыру, сөздердің жұрнақтарын дұрыс қолданбау және сөйлеудің лексикалық-грамматикалық жүйелерін қалыптастырудағы олқылықтарды елеулі түрде көрсететін басқа да көптеген қателерді жазған. Жазу, сөйлеу қызметінің түрі ретінде белгілі графикалық сурет арқылы өз ойларын білдіру. Жазу бұл күрделі қызмет түрі, оны қалыптастыруға мидың барлық қыртыстары жұмылдырылған. Сөйлеу – қимыл қозғалыс, сөйлеу – есту, көру, қозғалыс анализаторларының келісілген жұмысы жазудың психофизикалық негізі болып табылады. Жазуда зейін, қабылдау, ұғыну, есте сақтау, қиял, ауызша сөйлеу сияқты жоғары психикалық функциялар синхронды өзара әрекеттеседі [3, 90 б].

Біз 2018-2019 оқу жылында Қарағанды қаласының № 101 мектеп – лицей базасында өткізген эксперименталдық зерттеу 12 бастауыш сынып оқушысын (6 екінші сынып, 6 үшінші сынып) қамтуға мүмкіндік берді. Оқыту экспериментінің қатысушылар жалпы білім беру ұйымының логопедтік пунктінде жазбаша сөйлеудің бұзылысына байланысты логопедтік сабақтарға қатысқан 8-9 жастағы 12 адам болды. Эксперименталды топтың құрамына есту, көру және интеллекті сақталған "жалпы сөйлеу дамымауының III деңгейі" деген логопедиялық қорытындысы бар дисграфиясы бар 6 оқушы кірді. Бақылау тобына дисграфиясы бар 6 оқушы кірді.

Зерттеудің қорытынды кезеңі барысында біз дисграфияға тән қателерді анықтадық. Арнайы дисграфиялық қателіктерге фонетикалық алмастыруларды жатқызуға болады. Қателердің бұл түрі артикуляциялық белгілермен ерекшеленетін бір немесе әртүрлі топтарға жататын фонематиканың дифференциациясының жеткіліксіздігін көрсетті. Сонымен қатар, ызың және ысқырық дыбыстарды, қатаң және ұяң дыбыстарды, жуан және жіңішке дыбыстарды, «Р» және «Л» дыбыстары, сондай-ақ дауысты дыбыстарды білдіретін әріптерді ауыстыратын және тастап кету қателіктері пайда болды. Сөздің буындық құрылымының бұзылуы дыбыстық талдаудың жеткіліксіз қалыптасуын, дыбыстарды, сөздерді анықтау және бөліп көрсету ғана емес, сонымен қатар олардың реттілігін көрсету қателіктермен сипатталды. Бұл бұзылыс кезінде әріптердің, буындардың, сөздердің жазылуы барысында қателіктер кетеді. Грамматикалық қателер жазудың грамматикалық ережелерінің қалыптасу процесінің толық аяқталмауына байланысты пайда болады. Жазу кезінде септік жалғауларының, сөйлем жіне сөз арасындағы байланыстардың дұрыс қолданылмауы байқалды. Бұл қателіктің бізге зерттеуге қатысушылардың дисграфиясының бар екенін растауға мүмкіндік берді.

Жазбаша сөйлеу бұзылысын еңсеру бойынша логопедиялық жұмыстың тиімділігі келесі қағидаларды іске асыруға байланысты екені белгілі:

- патогенетикалық (нақты бұзылу механизмін есепке алу). Логопедтік тәжірибеде негізгі мақсат жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысының белгілі бір түрін дамыту үшін негізгі болып табылатын бұзылған сөйлеу механизмін қалпына келтіру болып табылады;

- "өзекті және жақын даму" аймақтарын есепке алу. Белгілі бір психикалық функцияны дамыту арналған түзету жұмысы баланың негізгі мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады.;

- полимодальды афферентацияға, функционалдық және талдағыш жүйелердің сақталған психикалық және физикалық функциялардың қызметіне сүйену. Сақталған, аз зардап шеккен талдағыштар мен функцияларды дамыту бұзылыстарды жоюға мүмкіндік береді;

- оқу, жазу және сөйлеу әрекетінің бұзылуының ерекшеліктерін есепке алу. Жазбаша сөйлеу көп деңгейлі құрылым болғандықтан, оқу мен жазу бұзылғанда осы қызметтің дискоординациясы байқалады;

- оқу мен жазу бұзылуының симптоматикасы мен айқындылық дәрежесін есепке алу. Дифференциялық тәсіл жетекші функциялардың дамымау деңгейін есепке алуды көздейді;

- іс-әрекет тәсілі. Сөйлеу қызметі логопедиялық жұмыста нақтылануы тиіс операциялардың көп болуымен сипатталады;

- психикалық функцияларды кезең-кезеңмен қалыптастыру. Түзету жұмысы дамып келе жатқан операцияларды автоматтандыру мақсатында жүзеге асырылады;

- онтогенетикалық. Логопедиялық жұмыста сөйлеу жүйесінің әртүрлі компоненттерінің қалыптасу реттілігін ескеру қажет [4, 87 б].

Белгілі әдіскер-дефектолог И. А. Грошенко мүмкіндігі шектеулі оқушыларға бейнелеу өнерін оқытуды ұйымдастырудың ерекшелігі туралы өз ойын білдірген. Бұл ерекшелік пропедевтикалық (дайындық) кезеңнің болу қажеттілігін көрсеткен, осы кезеңде бейнелі қабылдау, көру зейінін дамыту, заттар мен олардың қасиеттерін саралау (шамасы, пішіні, түсі, негізгі және екінші дәрежелі бөлшектер) жүзеге асырылады. Пропедевтика саусақтардың, қол сүйектерінің ұсақ қимылдарын жетілдіруге, көру-қозғалыс үйлесіміне, сурет салу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді [5, 154 б].

Диграфиялық бұзылыстырдың алдын алуға және жеңуге бағытталған бейнелеу өнерінің бағдарламасы оқыту эксперименті барысында іске асырылды. Сабақты өткізу Қарағанды қаласының "№ 101 мектеп лицейіндегі" бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен жүзеге асырылды. Бейнелеу өнерін оқыту 2018-2019 оқу жылы ішінде аптасына кемінде екі рет 45 минуттан өткізілді. Топтағы балалар саны 12 адамды құрады. Әр сабақтың құрылымында дене шынықтыру жаттығуы және оқушылардың демалуына және босануына 10 минуттық үзіліс болды. Оқыту экспериментіне қатысушылардың әрқайсысы кемінде 30 сабаққа қатысты.

Сабақтың мазмұнына кескіндеме, мүсін, кітап иллюстрациялары, анимация және т. б. туындыларымен танысу кірді. Сабақ барысында әртүрлі техника бойынша бейнелеу материалдарын қолдану мен олардың ерекшеліктерімен танысу жүргізіліп отырды: сурет (қарапайым қарындаштар, пастель); кескіндеме (гуашь, акварель); сәндік композиция (гельді қаламдар, маркерлер); аппликация (түсті қағаз, желім, мақта, жарма және т.б.). Оқыту барысында қолданылатын дидактикалық материалдар қиялды, қабылдауды, ойлауды, есте сақтауды, сөйлеуді жандандырды, түс рендерін, формаларын, мөлшерлерні, қоршаған орта туралы түсініктерді байытуға ықпал етті. Эксперименталды түрде бейнелеу қызметінің ұсақ және жалпы моторика функцияларының дамуына ықпал ететіндігі, көркем-шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуына, сөздік қорын кеңейтуге, шыдамдылықты арттыруға, эстетикалық талғамның жетілуіне, бастауыш сынып оқушыларының еңбекқорлығының артуына септігін тигізетіні дәлелденді.

Зерттеу аяқталғаннан кейін біз зерттеудің алғашқы және бақылау кезеңдерінде алынған жазбаша сөйлеуді түзетудегі бейнелеу қызметінің мәнін анықтау үшін бақылау және эксперименталды топтарға кірген балаларды оқыту нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргіздік.

Қол моторикасын тексеру нәтижелері барысында іс әрекеттің баяулығы, әріптерді өткізу және ката жазу, іс қимыл тәртібінің өзгеруі сияқты қозғалыстарды орындау кезіндегі қателер санының төмендегенін көрсетті. Бақылау тобының оқушыларымен салыстырғанда эксперименталды топ оқушылары жоғары нәтиже көрсетті. Эксперименталды және бақылау топтарындағы көру-кеңістіктік функциялардың диагностикасының нәтижелері де жақсарды, алайда, алдыңғы әдістемедегідей, эксперименталды топ оқушылары үздік нәтижелер көрсетті. Жазуды тексеру бірнеше тапсырмалардан тұрды, мысалы, суреттер бойынша сөздер мен сөйлемдерді құрау және жазу, есту арқылы диктант жазу және өз бетінше жазу. Мысалы, эксперименталды топты екінші рет тексергенде балаларында әліпби әріптерінен сөздерді құрастыру кезінде қиындықтар аз болған, ал бақылау тобының балалары жалпы тапсырманы сәтті орындады. Эксперименталды топ балаларында суреттер бойынша сөздерді жазуда нәтижелері бақылау тобының балаларымен салыстырғанда жоғары және сенімді болды. Суреттер бойынша сөйлемдер жазу кезінде эксперименталды топтың балалары да жақсы нәтиже көрсетті. Диктант нәтижелері де екі топтың жақсарғанын көрсетті. Бақылау тобында қателіктер 44-тен 32-ге дейін, ал эксперименталды топта 44-тен 30-ға дейін төмендеді.

Өз бетінше жазу дағдыларының нәтижелерін салыстырмалы түрде талдау барысында бейнелеу қызметін пайдалана отырып жүргізілген түзету логопедиялық жұмысын жүргізгеннен кейін

түрлі қателердің көп бөлігі еңсерілгенін көрсетті. Осылайша, бақылау тобының оқушыларында бастапқы тексеру кезінде қателердің жалпы саны 49 дананы құрады, ал екінші тексеру кезінде қателердің жалпы саны 38-ді құрады. Эксперименталды топта қателердің жалпы саны 60 дананы құрап, 35-ке дейін төмендеді, бұл орташа алғанда 50% - ға төмендеді.

Зерттеудің қорытынды кезеңі арнайы қателерді зерттеу кезінде эксперименталды топта графикалық ұқсас әріптерді ауыстыру, әріптер мен дыбыстарды ауыстыру және жіберу, әріптерді ауыстырумен байланысты қателер, оларды жазу кезінде дауыссыз дыбыстарды жіберу, әріптерді қосу, шекараларды белгілеу және сөйлемдерді сөздерге бөлудің бұзылуы сияқты қателер санының төмендегенін көрсетті. Бақылау тобының оқушылары да жақсы нәтиже көрсетті, бірақ аз дәрежеде. Шыққан нәтижелер әріптердің графикалық бейнесін қалыптастырудағы оң нәтижелер көру-кеңістіктік функцияларының талдау, синтез, жалпылау, салыстыру және балалардың сөйлеуін дамыту сияқты ойлау операцияларын қалыптастырғандығын айтады.

Қателердің санын салыстырмалы талдау кезінде олардың жалпы санының төмендегенін атап өтуге болады. Осылайша, эксперименталды топ оқушыларының қателіктері 21% - ға азайды, ал бақылау тобында мұндай қателіктер саны тек 12% - ға азайды. Бұл нәтижелер көру арқылы есте сақтау мен қабылдаудың қалыптасуындағы оң нәтижелер туралы және әріптердің графикалық бейнелері туралы айтады.

Жазбаша жұмыстардағы қателіктер санының төмендеуі эксперименталды және бақылау топтарының оқушыларының қол моторикасының, көру-кеңістіктік функцияларының жақсаруын көрсетеді және бейнелеу қызметі дисграфияны жеңу мен әлсіретуде және жазбаша сөйлеудің басқа да бұзылуларының алдын алуда тиімді екенін көрсетеді.

Осылайша, эксперимент барысында алынған нәтижелер біз жүргізген түзету логопедиялық жұмыстың тиімділігін көрсетеді. Анықталған деректер бастауыш сынып оқушыларының жазу процесінің ерекше бұзылуынан (дисграфия) жеңу кезіндегі бейнелеу қызметінің тиімділігі туралы біздің болжамымыздың растауына айналды.

Әдебиеттер:

1. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық—педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2002. — № 343 II тарау.
2. Тулебиева Г.Н., Ибатова Г.Б., Нурсейтова Ж.Ж., Өмірбек С.Ж. Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысының ұйымдастыру-әдістемелік негіздері. - Алматы, 2017. - 45б.
3. Ибатова Г.Б. Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету логопедиялық жұмысы. - Алматы, 2015. - 90б.
4. Өмірбекова Қ.Қ. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалармен логопедиялық жұмыс ұйымдастыру. - Алматы, 2015. - 87б.
5. О.И.Крупенчук, Т.А.Воробьева. Логопедические упражнения. Артикуляционная гимнастика. – Москва, 2003. 154б.

Тен А. А., Карагандинский государственный университет имени академика Е. А. Букетова, педагогический факультет, гр. Диз-42, студент
(*Научный руководитель – к. п. н., профессор Золотарева Л. Р.*)

УЧЕНИЕ ЭДВАРДА ДЕ БОНО «ШЕСТЬ ШЛЯП МЫШЛЕНИЯ»: МЕТОД ФОРМИРОВАНИЯ ТВОРЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ «ШЕСТЬ ШЛЯП МЫШЛЕНИЯ» ЭДВАРДА ДЕ БОНО

Обществу XXI века требуется творческие, гибкие, способные к адаптации и восприимчивые к инновациям специалисты. Художественное образование – это средство, позволяющее развивать человеческие ресурсы, необходимые для использования их ценного культурного потенциала. Творческая функция художественного образования обеспечивает социализацию личности, формирует её социально-творческую самодостаточность.

Развитие модели социально культурной личности – «человека культуры» – остается проблемой профессионально-художественных, гуманитарных факультетов университетов, академий искусств и искусств.

Цель статьи: проанализировать систему организации мышления из раздела «Креативные способы решения проблем» исследования Эдварда де Боно «Шесть шляп мышления». Этот метод